

Мақал - сөздің мәйегі

Базарханова Гулим Жанатовна
Павлодар қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
жатақхана тәрбиешісі

Мақсаты: мақал-мәтел арқылы ақыл-ойын, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту, оларды орынды қолдана білуге дағдыландыру, білімдерін жетілдіре отырып, қызығушылық қабілетін арттыру, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Өтілу формасы: сайыс

Күтілетін нәтиже: сөздік қорлары молайып, мақал-мәтелдерді орынды қолдана білуге дағдыланады, шешендік өнерге қызығушылықтары артады.

Пән аралық байланыс: қазақ тілі мен әдебиеті, өнер. Көрнекіліктер: презентация, үлестірме қағаздар, түрлі-түсті қарындаштар

Қайырлы күн, құрметті топ мүшелері, қонақтар. Мақал-мәтелдер халық қазынасы деп ата-бабамыз бекер айтпаған. Қазақ халқы ежелден мақал-мәтел, қанатты сөздерге үйір болған. Көлемі жағынан шағын болғанымен, мазмұны терең. Мақал – мәтел, шешендік сөздердің тәрбиелік мәні зор, ол біздің рухани байлығымыз.

Ендігі кезекте қазылар алқасымен танысып қоялық. Қазылар алқасы 3 – адам

Жаттығу «Тіл ширату»

Ойыншылар кез-келген тақырыпта бірін-бірі қайталамай мақал айтулары тиіс.

1 - кезең: «Жүйрік болсаң, шауып көр»

Ойынның шарты: әр топқа 5 мақалдан дайындап, оның 1 - ші жартысы оқылады, қатысушылар мақалды аяқтауы керек. Жауап бере алмаған топ орнына басқа топ жауап беруге болады.

№1 - топ

1. Ине көзінен сынады, шешен ... (сөзінен сынады)
2. Білген кісі тауып айтады, білмеген... (кісі қауып айтады)
3. Тіл тас жарады, тас ... (жармаса бас жарады)
4. Еңбек етсен ерінбей, ... (тояды қарның тіленбей)
5. Жақсының сөзі ақыл шақырады, жаманның ... (сөзі ашу шақырады).

№2 - топ

1. Айта білмесең мақалдың мәні болмайды, жасай білмесең ... (астың дәмі болмайды)
2. Сөйлей – сөйлей шешен боласың, ... (көре - көре көсем боласың)
3. Аузы жаман елді былғар, аяғы... (жаман төрді былғар)
4. Ұланы бар елдің... (ұраны бар)
5. Жақсыдан үйрен, ... (жаманнан жирен).

№3 –топ

1. Оқу білім бұлағы... (білім өмір шырағы)
2. Өнерлінің қолы алтын, ... (өлеңшінің сөзі алтын)
3. Шешеннің тілі – шебердің ... (бізі)
4. Батыр туса ел ырысы, ... (жаңбыр жауса жер ырысы)

5. Болат қайнауда шынығады... (батыр майданда шынығады)

2 - кезең «Мықты болсаң, тауып көр»

Бұл кезеңнің шарты былай, мен бірнеше тірек сөздерін беремін соларды қатыстырып 3 мақал-мәтел құрайсыздар.

Ана, бала, мектеп, ұл, дос, туған жер, отан, қыз, ұстаз

Көрсеткішпен ойын.

Мен сіздерге берген сұрақтың орнына керек сөзді қойып мақал - мәтелдерді толықтырыңыздар.

- 1) Күлме кімге? (күлме досқа келер басқа)
- 2) Қайда түкірме? (су ішкен құдығыңа түкірме)
- 3) Ол не қабымен? (тең теңімен, тезек қабымен)
- 4) Қына қайда бітеді? (қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді)
- 5) Тіл не жарады? (тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады)
- 6) Қандай үй базар? (балалы үй базар)
- 7) Талаптыға не жауар? (талаптыға нұр жауар)
- 8) Тіл неден өткір? (тіл қылыштан өткір)
- 9) Жазда не ойлау керек? (қыстың қамын жаз ойла)
- 10) Кімнің тілі бал? (бала тілі бал)
- 11) Ат шапайды не шабады? (ат шаппайды бап шабады)

3 - кезең. «Алғыр болсаң, шешіп көр»

Ойласа – ойдың көсемі,

Сөйлесе – қызыл тілдің шешені, демекші, келесі кезек топ басшыларына беріледі. Топ басшылары ортаға шақырамыз

1. Бірінің мақалындағы бір сөзге екіншісі мақал айтады. Мысалы: Білім – кеме, мектеп - теңіз. Осындағы білім, кеме, мектеп, теңіз деген сөздерді қатыстырып, мақал айту керек.

4 –кезең. «Өнерлінің өрісі кең»

Бұл кезеңде берілген мақалдардан 1 мақалды таңдап, мағынасын ашып, суретке түсіру.

1. «Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ»
2. «Мектеп – кеме, білім – теңіз»
3. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»

4. «Оқу білім бұлағы, білім өмір шырағы»
 5. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл»
 6. Оқу - білім бұлағы, білім - өмір шырағы.
- Рефлексия. Әділ қазылар алқасына сөз беріледі.

Бүгінгі сайысымыз осымен аяқталды. Халқымыздың сөз маржандарын үнемі қайталап, зердемізге тоқып, үлгі алайық. «Құнды сөз құнарлы ойдан туады», дана халқымыздың сөз өнерлері өмірлеріңізге шамшырақ болсын!